

Сүлеймен МӘМЕТ



БЕЙБАЯН  
ТІРЛІК

## **Қаны таза халықтың жаны таза** *(Профессор Мырзатай Жолдасбеков)*

Сан қатпарлы, тарау-тармағы мол сүйсіндірер жақсылығы, күйіндірер тапшылығы жетіп артылатын, арғы тарихқа тереңдеп бармай-ақ, өткен он жылымызға ой тоқтатсақ, жүз жылдың бел-белесі көз алдыға келеді. Осының ішіндегі ең бастысы бодандықтың бұғауынан босап, бостандыққа қол жеткізіп, қасиетті тәуелсіздігімізді алып, мемлекеттігімізді орнықтыру болды. Бір карағанда мұның бәрі қас қағым сәттей көрінуі мүмкін. Бірақ санамалап жіберсең саусағың түгіл ой санаң әрең жететін қырық қатпарлы атқарылған істерге, екінің біріне жазбаған абырой-беделді көресің. Көресің де көңілің марқайып, көтеріліп қаласың. “Е, тәубаға!” тіл сындырасың. Сол отанымыздың он жыл ішіндегі жаңаруы мен рухани жаңғыруында ерекше орын алатын, уақыт өлшеміне, заман талабына сай күн санап барлық жағынан дамып келе жатқан, жаңа елорданың әрі мен сәніне, мәні мен нәріне айнала бастаған білім ордасы Лев Гумилев атындағы Еуразия университеті.

Біз бүгін осы іргелі де ірі білім ордасының ректоры, ежелгі әдебиет ескерткіштерінің, жыраулар дәуірінің бірден-бір білгірлерінің бірі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өзінің саликалы да, ұстамды мінезімен ел есінде қалған белгілі мемлекет әрі қоғам қайраткері, Төтенше және өкілетті елші, филология ғылымының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбековпен сыр-сұхбат құрған едік.

— Мырзатай Жолдасбекұлы, тәу етер тәуелсіздігіміздің қалыптасып, қалпына түсуіне елдің іргесін бекітіп, шаңырағын көтеруге бір кісідей-ақ үлес қостыңыз. Оны қалың жұрт біледі. Одан кейін Иран, Ислам Республикасындағы еліміздің елшісі қызметінде болдыңыз. Дипломатиялық академияны аяғынан тұрғыздыңыз. Қазір — үлкен оқу орны Еуразия университетінің ректорысыз.

— Иә, ол рас. Елбасы үміт артқан біраз жұмыстарды атқардым. Бұл арада менің жүгімді жеңілдетіп, өзің оларды айтып отырсың. Оның бәріне мен тоқталып жатпай-ақ әңгіме желісін университетке бұрайын.

Бұл оқу орыны — білім-ғылым ордасы, тәуелсіздігіміздің жемісі, елдің болашағы. ЕМУ — бүгінгі күнгі терең де, іргелі білім мен ғылымға негізделген классикалық үлгідегі университет. Бұл — интеллектуалды орталыққа айналған халықаралық деңгейдегі элиталық жоғарғы оқу орыны.

Біз арғы-бергі тарихтан жақсы білетіндей, Қазақстан тарихы адамзат тарихымен, әсіресе Еуразия, ұлы далалар тарихымен сабақтас. Осы ұлы даланы тарихқа айналдырған кісі белгілі ақын Николай Гумилев пен ұлы ақын Анна Ахматованың баласы Лев Гумилев еді. Ол осы текті жандардан текті ұл болып туып, арғы ата-тегіне бүйрегі бұрып, көз майын тауысып, зерттеп, ұлы даланың биік өркениетін талай тамсанып жазған еді.

Еуразияның түп-түгел төркінін, ерекшелігін екі ғасыр бойы әлем ғалымдары зерттеумен келеді екен. Әсіресе, орыс ғалымдары көп көңіл бөлген. Осы зерттеулерді пайымдап, ой елегінен өткізіп, аталы сөз айтқан Қазақстан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев болды. Нүрекең 1994 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің студенттері мен оқытушыларының алдында Еуразия идеясын тарихи әлеуметтік мәселе етіп көтеріп, алғаш күн тәртібіне қойды. Мұның түп мақсаты не еді? Ол ата-бабаларымыз елдік пен ерлікті ту етіп көтерген байтағымызда береке-бірлікті орнықтыру, яғни қазіргі заман тілімен айтсақ интеграцияны дұрыс үйлестіру. Бұл дегеніңіз әлемді сақтау, бәрімізге ортақ, бәрімізге ана болып отырған мына жұмыр жердің үстінде сұмдық сойқандарға жол бермеу. Қауіптің алдын алу. Даму мүмкіндігі мол еліміздің келешегі үшін Еуразиялық одаққа дәнекер болу. Өткен ғасырдағы сұм соғыста бытыраңқы Еуропа елдерінің

тас-талқаны шыққаны белгілі. Ес жиғаннан кейін ел тізгінін ұстағандар бір-бірімен тіл табысып, халық қолдап Еуропа одағын құрған. Дұшпандықтан рухани бірлікке ұмтылған. Оның нәтижесі қазір соқырға таяқ ұстатқандай көрініп тұр десем артық айтқандық бола қоймас. Әрине, ол одақ та бірден өмірге келген жоқ.

Қазақстан Елбасы өзі көтерген идеяны жүзеге асырудың бір тармағы, бір қайнар көзі ретінде, әрі Қазақстандағы әлемнің әйгілі университеттерімен табан тіресе алатын іргелі оқу орынының қажет екенін ескеріп, 1996 жылы астанада Лев Гумилев атындағы Еуразия университетін құрды.

Ең бастысы, Еуразия идеясы өз елімізден де, көршілерден де қолдау тапты. Ресей президенті В.Путин бастаған бес елдің басшылары өзара түсіністіктің алтын қазығы боларлық Еуразиялық экономикалық қауымдасты құру жөніндегі шешімге біздің елордада қол қойды. Бұл еліміздің де, Елбасының да беделі десек жөн болар.

Ал, бес жылдан аса уақыт ішінде Елбасының ықыласпейілінің, қамқорлығының, елдің қолдауының арқасында университет отанымыздағы басты білім, ғылым ордасына айналды.

Менің өмір тәжірибемді ескерген шығар Нұрсұлтан Әбішұлы өткен жылы осы оқу орнына ректор етіп тағайындады. Сол тұста университетте 13 факультет, 21 ғылым докторы бар екен. Алмақтың да салмағы бар демекші, келген соң күндіз-түні жұмыс істеуге тура келді. Мен ғана емес, барлық қызметкерлер солай ұйымдасты. Біз 13 факультетті қысқартып, тектес, іргелес, қанаттас мамандықтарды біріктіріп, 6 институт құрдық. Олар — жаратылыстану, техника, гуманитарлық, халықаралық қатынастар, құқық, білім, экономика институттары еді. Бұған дипломатиялық академия мен Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалын қосыңыз. Университетті көтеретін материалдық база, білікті кадр екені өзінен-өзі түсінікті. Құдайға шүкір, бұл екеуі де өз орнымен шешіліп келеді. Қазіргі сәулет өнеріне сай барлық жағынан жабдықталған университеттің жаңа ғимараты өткен жылы пайдалануға берілді. Осы жерде мына бір нәрсені айта кетсем деп отырмын. Байырғы түркі жазба ескерткіштеріне арналған конференцияға арнайы келген, айтулы қаламгер Шыңғыс Айтматов ағамыз университеттің

жаңа ғимаратын аралап көргеннен кейін: “Мырзатай, — деді, — бәрін дамытуға болады. Бірақ мынандай уақыттың өзінде білім, ғылымға осындай мән беріп, осынша көңіл аударған Президент Нұрсұлтан Назарбаев шын мәнінде кеменгер адам екен”.

Кейін жазушы Нүрекеңмен кең отырып дидактасып келген соң тағы да жүрекжарды сөзін айтып: “Нүрекеңнің кең ойлап, кең пішетініне, қасиетті екеніне көзім анық жетті”, — деген. Сырт ағайын, оның ішінде Алатаудың бір шыңындай Шыңғыс ағамыз өстіп Елбасына жоғары баға беріп жатса, қалай көтерілмессің.

Алда атқарылар жұмыстар қыруар. Биыл Үкімет бөлген 2,5 миллиард теңгеге бір оқу ғимараты, 500 орындық пәтер тәрізді жатақхана құрылысы салынып жатыр. Бюджеттен университетке тиеселі қаражатқа өзге де іргелі істер жүргізілу үстінде. Университет атына сай келмейтін бұрынғы жатақханаларды күрделі жөндеуден өткізсем деген бір міндет те алда тұр.

Осындай материалдық база да, жабдық та, әрине қажет, бірақ білімді кадр даярлау үшін ең алдымен бізге керегі білікті маман. Бір оқу жылының ішінде 40-қа тарта ғылым докторын, 70-ке тарта ғылым кандидатын қабылдадым. Қызметке шақырған ғалымдардың ішінде жақсы ел ағалары бар. Оларды атап айтар болсам, атақты археолог Кемел Ақышев ағамыз, әдебиетшілер Рымғали Нұрғали, Ақселеу Сейдімбек, тарихшы Қаржаубай Сартқожаұлы, “математиканың данышпаны” деп, ММУ-дың ректоры Садовничий көрген жерден құшағына қысатын М.Өтелбаев, тағы басқалар.

Мені осы жұмысқа шақырғанда Елбасы, сен жастарды жина, өйткені бұл ХХІ ғасырдың, келешектің университеті, жастардың университеті, деген еді. Сол сөз қамшы болып, талантты жастарды топтастырып жатырмын. Тепсе темір үзетін іргелі ғылым мамандары: Асқар, Тұрлыбек, Қалдыбек, Ербол атты төрт жігітті ерекше атар едім. Бәрі де ғылым докторы, профессор. Мысалы, Тұрлыбек Мұсабаев 1967 жылы туған. Техника ғылымының докторы. Санкт-Петербург қаласындағы мемлекеттік сәулет-құрылыс университетінің аспирантурасын және докторантурасын бітірген. 30-дан астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың, оның ішінде

бір монографияның авторы. Сол арадан бұл жігітті ЕМУ-ға профессорлыққа шақырдым. Ал, Қалдыбек Дөңбаев физика-математика ғылымының докторы. ҚР Ұлттық ядролық орталықта инженер, ғылыми қызметкер, директордың орынбасары болып істеген. Бельгия, Қытай, Канада, Италия, Үндістан, Германия елдерінде өткен халықаралық конференцияда баяндама жасаған. Қазір бұл жігіт бізде кафедра меңгерушісі, ядролық физика институтының филиалының директоры. Асқар Жүсіпбеков пен Ербол Темірбековтер техника ғалымының докторлары. Екеуі де алғыр жігіттер. Бірнеше шетел тілдерін біледі.

Өткен оқу жылында 13 жасында орта мектепті бітірген, Шәпәт Әжіғалиев деген баланы жұмысқа шақырған едім, таяуда жиырма жасында математикадан ғылым кандидаты атанды. Ал ММУ-дың математика факультетіне өзі барып түсіп, университетті де, аспирантураны да үздік бітіріп ғылым кандидаты атанған 26 жасар Байділдә Тұрышбаев та келді. ММУ-дың ректоры академик В.А.Садовничийдің маған жазған хатында: “жүрегімізді үзіп бергендей болып отырмыз, бұл жігіт бәрімізді әлі-ақ басып озады”, депті. “Математиканың ең жаңа саласынан кандидаттық қорғаған еді. Байділдәнің болашағы зор” деп отыр ғылыми жетекшісі, әйгілі математик, профессор В.Н. Чубарин. Байділдә біздің университетке таяуда ғана келді. Мен құшағымды жая қарсы алып, бар жағдайын жасаудамын.

Атақты шахматшы Дәрмен Сәдуақасов та біздің университетті бітіріп, аспирантурада оқып жүр. Дәрменнің шахмат мектебін ашып бердім. Талай бүлдіршін қазір білім алуда. Атақты шахматшылар оларға сабақ береді. Болашақ әлем чемпиондары, құдай қаласа, осы мектептен шығады деген үміттемін. Былтырғы телесайыста жас перілердің ішінен екінші орын алған Рашид Тәңірберген де бізде оқиды. АҚШ-та бір жыл оқып, қайта оралған Саясаттан да үмітім зор. Менің сүйсінетінім талантты қазақ жастары өте көп екен. Құдай қазаққа дарынды жастарды берсе, неге оған жағдай жасамауға тиіспіз. Күн санап гүлденіп, әлемді мойындатып келе жатқан тәуелсіз елдің бағы енді жарқырай береді деп ойлаймын.

Жастар тек білім ғана алып қоймай, ғылыммен де айналысуы керек. Соған байланысты бірнеше ғылыми институт-

тар мен орталықтар, лабораториялар аштық. Атап айтар болсам: жоғары мектеп мәселелері, әлемдік экономика және конъюктура, геотехнологиялық институттар, математикалық және техникалық, “Еуразия” гуманитарлық, химия-биологиялық, білім маркетингі, ақпараттық есептеу орталықтары, ҚР Ұлттық ядролық орталығы, ядролық физика институтының филиалы және Кемел Ақышев жетекшілік ететін археология және археологиялық қайта жаңғыртулар, байырғы түркі руникасының білгір маманы, Моңғолия елінен арнайы шақырылған Қаржаубай Сартқожаұлы басқаратын жазу тарихымызды зерттейтін, Елбасының назарына ілігіп, ол кісінің талай тапсырмаларын орнықты орындап жүрген жазушы-ғалым Қойшығара Салғараұлына жүктелген тарихымыздың көне көздерін ашатын, соны зерттеулер жасайтын лабораториялар. Мұның барлығы ата тарихымызды зерттеу, әлемдік ғылымнан үлес еншімізді алып қалу үшін жасалып жатқан шаралар.

—**Мырза-аға, жоғары оқу орындарына талапкерлердің құжаттары қабылданып жатыр. Бұл жауапты іске сіздерде әзірлік қандай?**

—Өткен оқу жылында университетте 8 мыңнан аса студент білім алды. Биыл бұл көрсеткіштің өсетініне күмәнім жоқ. 99 мамандық бойынша жоғарыда атап өткен институттарға талапкерлерді қабылдаймыз. Мен бір нәрсені баса айтсам деймін. Оны жұрттың бәрі сезіп жүр. Қазақстанда не көп “бас басына би” деп Абай атамыз меңзегендей, бас-басына академия, бас-басына университет, тіпті халықаралық деп кез-келген пәтердің ішінен аты бар, заты жоқ болса да оқу орындарын ашатынды шығарды. Не базасы, не кадры жоқ мұндай оқу орындары елдегі білім мен ғылым атына кір келтіріп отыр десем қателесе қоймаспын. Иманғали Тасмағамбетов келгелі соның иесі табылғандай. Министрлік те қолға алып жатыр. Біртіндеп бәрі орын-орнына келе бастайтын тәрізді. Шынында да қалт-құлт етіп отырған елге ақша төлетіп білім бермейтін әлде кімдердің бас пайдасы үшін ашылған мұндай оқу орындарына тереңірек үңілу керек. Көздері жәудіреген бейкүнә жас ұрпақтың обалына қалмау керек.

Біз осының бәрін елеп-екшеп, еліміздің келешегін ескеріп, өмір талабын ойлап, сұранысы жоқ мамандықтарды

жауып, қазір, ертең елге қажет, мемлекет дамуына керек мамандықтарды аштық. Мәселен биыл қолданбалы математика, информатика, механика, радиофизика және электроника, тағы басқа жаңадан ашқан мамандықтар соған мысал. Өзіміздің ұлттық рухымызды өшірмейтін мамандықтарға да қатты мән беріп отырмыз. Болашақ ұрпақты оқытатын, тәрбиелейтін бастауыш мектепте оқытудың педагогикасы және әдістемесі, педагогика және психология мамандықтарын да аштық. Жастардың келешегін ойлап іргелі мамандықтарды ағылшын тілінде оқытуды назарда ұстап отырмыз. Ұлттық өнер іргелі оқу орындарында дамығаны жөн. Соның ертең туын көтеретін ұл-қызды баулитын ән өнері, аспапты орындаушылық, дәстүрлі музыкалық өнер, кескіндеме, дәстүрлі сөз өнері мамандықтарын аштық.

Кейінгі кезде жастардың дені қалаға кетті. Көбі жұмыссыз жүр. Сонда өнер иелері, жыршылар, ақындар, термешілер қайдан шығу керек. Талант бойға ана сүтімен дариды, үйретумен жетіледі. Ел іші алтын кеніш, дарынды жастарды ел ішінен іздеп, оқытып, білім беріп оларды кең жолға салу — халқының келешегін ойлаған әрбір азаматтың парызы деп білемін.

Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалында да біраз зәру мамандықтар әзірленеді. Бір сұхбаттың аясында оның бәрін айтып шығу мүмкін бола қоймас. Мерзімдік басылымдарға қабылдау ережесі жарияланды.

Біздің оқу орынымыз жұрт арасында Президент университеті деп атала бастады. Бұл заңды көрінеді маған. Себебі, бұл білім ордасын ол кісі бір сәт назарынан тыс қалдырған емес, дәйім қолдап келеді. Бұған қоса Үкімет басшылары, министрлер де көңілімізді жыққан емес. Министрлердің, депутаттардың, белгілі қайраткерлердің студенттермен кездесуі, сабақ беруі дәстүрге айналды. Осындай шаралардың келешекте ізімізді басып, ісімізді ілгері апаратын жастарымыздың өмірге, қызметке тез икемделуіне, бейімделуіне, жақсы дәстүрді қалыптастыруына септігін тигізері сөзсіз.

— Білікті де білімді белгілі ғалымдарды, өзіңіз айтқандай осы саланың біраз жас “перілерін” шақырып, жұмыс беріпсіз. Оларға жасалған жағдай туралы нендей уәж айта аласыз?

— Жағдай туғызылмаса, жұмыс та жүрмейді, сөзін де өтпейді. Менің өмірде қалыптасқан әдетім бойынша кадр шақырсам, алдымен жағдай жасаймын. Университет мүмкіндігін пайдаланып, өткен оқу жылында жетпістен астам кісіге пәтер бердім. Бұл айтуға жеңіл болғанмен, орындалуы оңай бола қойған жоқ. Жоғарыда аты аталған төрт жігітке — А.Жүсіпбеков, Т.Мұсабаев, Қ.Дөңбаев, Е.Темірбековтерге әдемі үйден пәтердің кілтін батасын беріп, ақ жол тілеп Елбасы өзі тапсырды. Біз де кезінде өліпталып, армандап жүріп пәтер алғанбыз, бірақ ордерді кімнің қолынан алғаным жадымда жоқ. Жас ұрпаққа өз қолынан кілт тапсыруы — Президентіміздің келешекке деген қамқорлығының мысалы деп білемін.

— Университет беделінің тек өзімізде ғана емес, әлемдік деңгейде көріне бастағаны белгілі. Бұл салада атқарылған, атқарылар жұмыстар да аз емес шығар.

— Ол рас. Алғашқы құрылған күннен бастап ТМД мен алыс шетелдердің белгілі білім және ғылым орталықтарымен достық қарым-қатынастарымыз нығая түсуде. Университет студенттері бірнеше Батыс, Шығыс елдерінің мамандарының да дәрісін тыңдайды. Мәскеу, Белорусь, Томск, Омбы, Каир (Египет) университеттері мен Испания, Ресей Сыртқы істер министрлігінің, Сауд Арабиясының дипломатиялық академияларымен және басқа да білім мен ғылым мекемелерімен, сондай-ақ Отанымызда жұмыс істейтін халықаралық қорлармен, ұйымдармен, бағдарламалармен — байланысымызды тереңдетіп келеміз. Біздің мақсатымыз білім ордасын дүниежүзіндегі айтулы университеттер қатарына қосу. Сөйтіп, білім беру, ғылыми зерттеу саласын биік деңгейге көтеру.

Еуразия университеті бүгінде аса мәртебелі меймандардың ат басын соқпай кете алмайтын орнына айналды. Осы уақытқа дейін білім ордасында 7 елдің президенттері, НАТО-ның бас хатшысы, Нобель сыйлығының лауреаттары, өзге де төрткүл дүниеге аты мәлім адамдар болды.

— Университет беделін тағы бір көтерген, бүкіл түркі әлемінің алдында абыройымызды асырған “Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштері” атты халықаралық конференция десем қателесе қоймаспын.

— Неге қателесесіз. Бұл біздің елдігімізді дәйектейді ғой. Президентіміз бас болып, Иманғалидай бауырларымыз

қоштап жүзеге асырған игілікті шара ғой. Иық көтеріп, бой тіктеп қалай айтсақ та жарасады. Бұл біздің заманымыз бен өткен заманның ортасын жалғастырған алтын көпір болды. Бумын, Қапаған, Естеми, Құттық бабаларымыздың аты жаңғырып, олардың: “Ей, түркі бектері, халқы, бұл сөзімді мұқият тында, терең ұқ. Биікте Көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім Бумын қаған, Естеми қаған отырған... Елім-жұртым үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым, түркі халқы жойылмасын дедім, ел болсын дедім!” деген ұлы сөздері конференцияда әлденеше жаңғырып: “Аш халықты тойдырдым, жалаңаш халықты киіндірдім, аз халықты көп қылдым, тату елге жақсылық қылдым, төрт бұрыштағы халықтың бәрін бейбіт қылдым, осы сөзімде өтірік бар ма, түріктің бектері, халқы айтындаршы!” — деді-ау! Отаншылдықтың үлгісі осындай-ақ болар! Халқымыздың өшпейтін өнегесі, ынтымақ-берекесі, таусылмайтын дәулеті сол кезде-ақ қалыптасқан.

Мен арғы-бергі тарихты терең ақтарған адаммын деп айта аламын. Сол тарихты әжептәуір зерттеген, соны санама ұялатқан кісімін. Және өз ата тарихымды, қазақтың ата тарихын қадірлейтін адамдардың бірімін. Біз сияқты қазаққа байтақ тарих жасап берген, артына осынша мұра қалдырған халық онша көп емес. Соның қадірін біліп, тереңіне жеткіміз келіп, кеудеміз сайрап тұрса да оған кеңес дәуірі мұрсат бермеді. Осы біздің заманымыз бен өткен заманның тоғысында алтын ғасырды бастан кешірген, алтын сарай салған, алтын тон киген елміз. Ол кезде алтын киімді тон дейді екен. Бұған Алматының іргесіндегі Есік қаласынан, Атыраудан, шығыстағы Алтайымыздан табылған Алтын адамдар дәлел-дәйек. Ондай Алтын адамдар қай жерден табылып жатыр дейсіз. Менің бабаларым алтын киген, алтын сарайлар салған, алтын ғасырды басынан кешкен деуім осыдан. Халқымыз өзінің атақты перзенттерін, атақты ұлдарын, еліне қадірі жеткен адамдарын, азаматтарын, хандарын, қасиеттілердің ұрпақтарын, олардың тегін алтынға киіндіріп жерлеген. Өлгені түгіл тірісінің де қолы алтынға жетпей жүргендерді біз тарихтан жақсы білеміз. Түркі дүниесін жаратқан қай заманда да кенде қылмағанына шүкір. Соның арқасында алтынмен аптап, күміспен қаптап дегендей ал-

тынға шомылдырып, алтынмен киіндіріп, жалтақтамай сөйлеп, алақтамай тіршілік еткен елміз. Әне, біз сондай халықпыз. Мен 1969 жылы көне түркі жазба ескерткіштерінен кандидаттық диссертация қорғадым. Біреу артық айтты десе өзі білсін. Қазақ ғалымдарының ішінде тұңғыш рет әдеби шығарма, халқымыздың байтақ тарихын көркем бейнелеп берген асыл қазына, ғажап мұра, дедім. Орхон ескерткіштерінің тексін 4 жыл аудардым. Атам жазған жырды зерттеймін деп жазықты да болғанмын. Сол жер-жиһанды билеген, өзіне дейін, өзінен кейін де, теңдесі жоқ кемеңгер, аса даңқты қолбасшы болған біздің Күлтегін бабамыздың басына қойылған құлпытас тұнып тұрған тарих-жырымен келіп мен бақарып отырған университеттің төріне келіп жайғасқанда, қуанышымда шек болған жоқ. “Күлтегін өлгенде Күлтегінді жоқтап жаман қайғырдым. Қайғырғаным соншама жылай-жылай, ел-жұртымның қасы-көзі өз болар деп қайғырдым”, деген жолдарды оқисыз сіз осы ғажайып ескерткіштен.

Не деген сұмдық сөз. Өлген адамға өстіп жылаған адам жер бетінде бар ма екен?! “Тегі Күлтегін өлгенде жылап-сықтап келген адамдарда шек болмады, есеп болмады, жақын-жуық досы түгіл қас дұшпаны түгел жиналып келіп жылады”, дейді.

Күлтегіннен өзге осындай батырды өз басым естіген жоқпын. Осы жыр бүкіл түркі зиялылары Күлтегін өлгенде жиналып алып, соның басында сөйленген қаралы сөз сияқты естіледі маған.

Күлтегін ескерткіші туралы қатты ойланамын. Мен түркі баласын бөлген емеспін. Бірақ орыс ғалымдарының көбі көне түріктің тілін, киген киімін, кәсіп-тірлігін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін он тоғызыншы ғасырдағы қазақтан аумайды деп жазған. Соған қарағанда Күлтегін бабамызды бүкіл түркі дүниесіне ортақ дей тұрғанмен бізге, қазаққа жақынырақ, ескерткіштің мәтіні де, оның рухы да қазақтың ағып тұрған эпосына көбірек ұқсаңқырайды.

Жалпы, біздің жанымыз, қанымыз таза халықпыз. Жеті атасына дейін қыз алып, қыз беруді біз кеше Жәнібек ханның тұсынан келеді деп жүрсек, ол Сақ заманынан жалғасқан қасиет екен. Руникалық жазуды біз түркі дәуірінен келе жатыр десек, ол да Сақ заманынан бастау алады екен. Оған Күлтегін ұстын тасының жанында тұрған, 25 ғасыр бұрын

жасалған күміс тостағандағы жазу дәлелдеп тұр. Оны ешкім де теріске шығара алмайды.

Біз кеше Үнді, Қытай, Византия өркениетін айттық. Керек болса орыстың өркениетіне табындық. Біз кешегі үлкен конференцияны Күлтегін жазуын мәңгілік тұғырға қондыра отырып, шынын айтсақ, көне түркі өркениетін негіздеу үшін ұйымдастырдық. Жаңа айттым ғой, жеті атасына дейін қыз алыспау жайын. Тіпті жеті атасынан кейін қыз алысып жатқан қазақты көрген кісі бар ма екен?! Бұл дәстүр кемі 15 атаға жетеді. Одан да көп болуы мүмкін. Мен сол дәстүр жалғасып кете берсе екен деймін. Қан таза болады. Қаны таза болған халықтың жаны таза. Жаны таза болған халықтың рухы таза. Бұл бір-бірімен байланысып жатқан құдірет. Оған Тоныкөк, Қорқыт, әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер өмірі мысал болады. Сол ұлылар қадірлі барлық қасиетті, барлық қымбат дүниені заманы туғанша тылсым да, ешкім шеше алмайтын қып тастап кеткен екен. Енді сол тылсым ашыла бастады, шешіле бастады. Құдай қаласа, осы біздің Қазақстанның жерінде: батысында да, шығысында да, ортасында да, түстігінде де қазақ тарихына, оның мәдениетіне, бүкіл байтақ шежіресіне қатысты неше түрлі ұлы дүниелер шыға бастайды. Ол жерден ғана емес, өскін ұрпақтың арасынан да молынан көрінуі тиіс. Әлгі тылсымдар сол жастардың еншісіне тиеді. Күлтегін бабамыз қазақ жеріне тегіннен-тегін келген жоқ. Бұл тәуелсіз елге ұрықтың қайта оралуы деп білемін. Бұл өткен қазынаның өлмейтін-өшпейтін басы деп ойлаймын. Қазір осы киелі ұстын тасқа тәу етіп келушілер көбеюде.

Біздің журналист бауырларымыз жан-жақты өскен екен. Күлтегін туралы ғалымдармен жарыса жазып жатты. Өскендіктерін, зиялылықтарын танытты. Меніңше, бәрімізді бір аруақ тербеді, ұлы іске ұмтылдырды. Соған ұйыдық. Бәріміздің қолымызға баба рухы қалам ұстатты. Қазақ тілінде сөйлетіп жатты. Басымызды түгел қосты. Көрегенділіктің, қасиеттіліктің, бауырмашылдықтың, біліктіктің айқын мысалы осы болды-ау деймін.

—Жоғарыда рухани байлықтың бастаулары жайлы ойлы пікірлер білдірдіңіз. Осыдан екі жыл бұрын Шер-аған (Мұртаза) Астанаға бір рухани орталық керек, оны қалай жасаймыз, деп еді. Қазір сол рухани орталыққа сіз басқарып отырған

университет айнала бастады десек артық айтқандық бола қоймас. Оған өзіңіз ұйтқы болып жүрсіз. Қайрат Жұмағалиев ағамыз: “Отырмыш көңіл жайланып, бекідім осы ойға анық. Бүгінгі таңда Астана, барады Мырзатайланым” деп еді.

— Бұл Қайраттың Күлтегіннен кейінгі әсері ғой деп ойлаймын. Жоғарыда айтқан конференцияға Мұхтар Шаханов та келген еді. Ақын інім маған сыйлаған жаңа кітабында: “Осы мырза жаныңмен, өзгеде жоқ барыңмен, құдай берген дарынмен, намысыңмен, арыңмен, бағың жансын жан аға, даңқың қалсын ұлы ұлттық санада”, деп жазыпты. Көп жасасын, көңілі ғой, әйтпесе, мен қошаметке әуес жан емеспін.

Әрине, бас біріктірер рухани орталықтың жөні бөлек. Оның озық үлгісі елімізде болған. Әлі де бар. Ол бұрынғы ҚазПИ, қазіргі Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, Әл-Фараби атындағы Ұлттық университет. Осы екі қара шаңырақ білімнің де, ғылымның да, мәдениеттің де, руханияттың да орталығы болған. Небір айтулы азаматтар сол жерден өсіп-өнген. Сондай ұлы жалғастық Астанада да болу керек. Жалпы, елорда тек әкімдермен, әсем ғимараттармен елорда бола алмайды. Астана білім, ғылыммен, зиялы қауыммен Астана бола алады. Университеттің биік деңгейін көрсететін халықтық сарын, өнерге жол ашу үшін Секен Тұрысбековты шәкірттерімен шақырып – бір үлкен ансамбль құрып жатырмыз. Бүкіл ел-жұрт болып талантты ақын Несіпбек Айтұлы жетекшілік ететін Мағжан Жұмабаев атындағы әдеби бірлестіктің тұсауын кестік. “Гогольдің шинелінен шықтық” деп орыс жазушылары айтқандай, көбіміз ҚазМҰУ-дың М.Әуезов атындағы әдеби бірлестігінен шығып едік. Енді Мағжан атындағы бірлестікте де сондай дәстүр жалғастығы көрініс тауып, келешектің рухты ұл-қыздары өсіп, тәуелсіз қазақты әлемге танытса деген ізгі ниет қой бәріне жетекші болып жатқан.

Ал, дүниежүзінде екінші ұстаз Әл-Фараби болса, екінші кітапхана сол Әл-Фараби өмір сүрген Отырарда болған екен. Иманғалидің тапсырмасымен Отырар кітапханасын жаңғыртып, қалпына келтірсек деп жатырмыз. Оны басқаруды жазушы ғалым ініміз Тұрсын Жұртбаевқа тапсырдық. Тұрсынды ең алғаш жіберген адамым Қалтай аға (Мұхамеджанов) еді.

“Құдай жар болып Мәскеу сапарынан аман оралсам, кітапханамдағы көне дәуірде шыққан кітаптардың бәрін беремін” депті. Бірақ оған ажал шіркін, жеткізбеді. Қалтай аға қазақтың айтулы зиялыларының бірі еді ғой. Асқар тауың сияқты алдында ағаңның жүргені жақсы екен. Еркелеп, еркін жүресің. Алдында анаң болғаны тіпті ғанибет. Сондай ана жүз жасқа иек артқан Әбіштің (Кекілбаевтың) анасы дер едім. Бар қазақтың анасы сондай болсын. Тілім тасқа дейді ғой. Әбіш ол кісінің қазыналы кеудесін иіскеп мауқын ба-сады. Екіншісі біріне бұйыра қоймайтын, әсіресе, шашы ағарған біздер үшін қандай, шіркін, естен кетпейтін, айтсақ тіл жетпейтін ғажап, қайталанбайтын сәт қой.

Кейде осылай бір ойланып-толғанатыным бар. Құдайға шүкір, әкені, ағаны қанша аңсағанмен біз де пайғамбар жа-сынан астық. Алдыңғы ағалардай қазыналы қарт болсақ деп ойлаймыз. Мұны рухани дүниеге қатысы болған соң айтып отырғаным ғой.

1999 жылы Данияда болғаным бар. Күлтегін жазуының кілтін сол елдің дарынды ғалымы Вильгельм Томсен тапқан ғой. Сұрастырсам ешкім біле қоймады. Саналы өмірінің көбін көне түркі ескерткіштеріне арнаған, оның оқу құпиясын ашқан адамды енді өзім іздедім. Қаланы аралап жүріп бір ескерткішке кезіктім. Астындағы жазуды оқытсам ішінде Томсен де бар, сондай зиялы жандарға қойылған белгі екен. “Бұлар отанына, ғылымына адал қызмет еткен, мәртебесін көтерген адал жандар еді”, деп жазылыпты белгіге. Мен ол кісінің түркі дүниесіне сіңірген еңбегін айтқан соң ғалым аты өз елінде қайта жаңғырып жатыр. Күлтегінге арналған конференцияға менің өтінішім бойынша Дания білім министрінің құттықтау хатымен бірге В.Томсеннің төрт том-дық шығармалары, бір томдық орхон ескерткіштерін транс-крипция жасаған еңбегі, Фин ғалымы А.Гейкельдің атласы және орыс академигі В.Радловтың “Ежелгі монғолдар атла-сы” және осы дүниелердің дискілері, ғалымның бас мүсіні әкеліп тапсырылды. Бұл Отырар кітапханасының алғашқы мұраларының бірі болары хақ. Иранда елші болып жүргенде әл-Фараби бабамыздың 15 ғылыми трактатының 13-ін Қазақ-станға әкелдім. Жалпы, Иранда өскен масаны сыртқа шыға-

ра алмайсың. Дегенмен ел даңқын, Елбасы абыройын, жда-  
наттық танытып жүрген мені сыйлады ма, Иранның сыр-  
тқы істер министрі Әлиакбар Велаяти мен оның орынбаса-  
ры Махмуд Ваэзи мырзалар көшірмесін алуға көмек көрсетті.  
Әкеліп ҚазМУУ-дың кітапханасына тапсырдым. Сол бойы  
қозғаусыз жатыр әлі. Оның қадірін ешкім біле қойған жоқ.  
Оны да Отырар кітапханасына алдырмақпын. Баяғыда Әлкей  
Марғұланнның үйіне барсам екі қолын ақ матамен таңып  
алыпты. Қинала отырып жазу үстелінің тартпасын ашып,  
экспедицияда жинаған қазақтың ою-өрнегін көрсетіп: “Мыр-  
затай, мынау Еуропа үшін әрқайсысы сенсация. Ал қазақ  
үшін түк те емес”, деген еді жарықтық. Қандай керемет  
астарлы сөз. Барынды қадірлегенге, бағалай білгенге не жетсін.

— Мырза-аға, өмірдің көп өткелінен өттіңіз. Көңіл көгіне  
де жиғаныңыз аз емес. Елім, ұлтым, оның тарихы, рухани  
байлығы деп жүрсіз. Осы біздің қазаққа не жетпейді десем  
не деп жауап берер едіңіз?

— Сұрақ ауыр қойылып отыр. Мынау жетпейді, мынау  
жетеді деп айту да қиын. Қай мемлекет болсын алтын ғасыр,  
алтын заманды бастан өткерсе де адам баласына бәрі жетіпті  
дегенді естімеппін. Бұл мүмкін де емес. Қазір бай елдерді,  
бай адамдарды аз көріп жүргеміз жоқ. Байлық өзіме де,  
балама да, немереме де жетеді дегендердің де алтын ыдысы-  
нан бір кетік көрініп қалып жатады. Қайдан білейін, қазір  
Қазақстанда байлар бар деп естимін. Бардың болғаны жақ-  
сы. Менің пайымдауымша, қазаққа көп нәрсе жетпейтін  
секілді. Ең бірінші жетпейтіні іскерлік, ыждаһаттылық па  
деймін. Ауызекі айтқанда, көбіміз аузымызбен құс ұстап  
жүрген адамдармыз. Іске келгенде жалт етіп шыға келеміз.  
Бар қазақ ата-баба дәстүрімен өкпе-назды қойып, жұмған  
жұдырықтай болып, бұрынғыдан да ары топтаса түссе екен.  
1986 жылы балалардың басын жарып, қыздардың етегінен  
теуіп қорлаған кезде бүкіл қазақ іштей түлеп, бірігіп еді.  
Бас ылғи бірігіп жүруі үшін осы қазақтың басына бұлт  
үйіріліп, қасірет орнау керек пе деп кейде мен өзіме-өзім  
сұрақ қоямын. Қасіретсіз де қазақтың басы ылғи бірлікте,  
әсіресе, дәл қазір бір болуы керек. Әрине ата тегін, шыққан  
жерін білгеннің айыбы жоқ, бірақ оны басқаға қару қылып

пайдаланбауы керек. Осыдан шығатын қорытынды: ынтымақ, береке-бірлік болса керек. Ұғынар құлақ болса, бұл ақиқатты Нүрекең талмай күнде айтып келеді.

Менің қабырғамды қайыстырып жүрген бір нәрсе — қазақтың еліктегіштігі. Жүріс-тұрысымыз, киім киісіміз төрткүл дүниені қамтиды. Ұлттығымыз көп жағдайда мерекеде, ойын-сауықта көрінеді. Өнердегі еліктеу тіпті, бөлек болып барады. Теледидардағы қазақ өнерін, оның ұлы тұлғаларының орынын қолдан опырып, шет жұрттардың сұмдықтарымен толтырып қойдық. Темекіні де жақсы тартамыз, арақты да жақсы ішеміз, насыбай құрғыр да жанымыздан түспейді. Оның бер жағында нашақорлық деген пәле — жегі құрт шықты. Алматыдағы, Сайын көшесінде тұрған қыздардың қам-қатер тірлігін, көрінгеннің қолында, жетегінде кетіп бара жатқанын, Сейфуллин көшесіндегі жұмыссыздарды көргенде жаным түршігеді, төбе шашым тік тұрады. Егер ұрпағы нашақор, ұлы маскүнем, жұмыссыз қызы жезөкше болса, ондай халықтың болашағы қандай болмақ?! Осы жайсыздықтарды ел болып айғайлап тоқтататын уақыт жеткен секілді.

Қазақ аштықты да бастан өткерген. Оны аталарымыз, әкелеріміз, аналарымыз айтып отыратын. Мына шыққыр көз бәрін көрді ғой, дейтін олар налығанда. Сонда жат қылықтарға баратындай не күн туды басымызға? Бұл намыссыздықтан, ұлттық намыстың кемдігінен бе деймін. Ендеше бар қазақтың ұлттық намысын ояту керек болар.

Кішкентай Жапон жерінің астында қолға ілінер түйір байлық жоқ. Бірақ ұлттық рух күшті. Оларды өгіздей өрге сүйреп келе жатқан сол ұлттық намыс. Оңтүстік Корея да солай. Әрине, ол елдердегі тұрмыстың қандай екенін білеміз. Бірақ олар сол күнге бірден жеткен жоқ. Соны да ескерсек екен.

Ұлттық намыстың үлгісін ұлы бабалар көрсетіп кеткен. Жоңғар шапқыншылығында елге қорған болар кім бар дегенде: Бөгенбай, Қабанбай, Райымбек, Наурызбайлар мен мұңдалап шыққан ғой. Елі, жері, ұрпағы үшін олар бастарын бәйгеге тіккен. Бүгін де дәл сондай ұрпағы, ел келешегі үшін басын тігетін, халқымсыз күнім қараң, байлығым баянсыз дейтін азаматтар керек болып тұр. Ондайлардың бүгін болмаса, ертең шығатынына сенімім мол.

Қадап айтарым, қазаққа береке-бірлік, ынтымақ, жалтармайтын, жалтақтамайтын отаншылдық рух, жалтылдап, найзадай жарқылдап тұратын от үрлер сезім қажет. Осы жетсе басқасы жетеді. Оның үлгісін көре білсек, құдайға шүкір, баршылық. Өзгенің тарихына өзеуремей, өз тарихыңнан алатын тағылым аз емес.

“Түркі халқы, тыңдаңдар!..  
Біресе ілгері шаптың,  
Біресе кері шаптың  
Барған жерден не пайда таптың?  
Қаның судай құйылды,  
Сүйегің таудай үйілді  
Бек ұлдарың құл болды  
Пәк қыздарың күң болды”,—

деген жоқ па, тасқа қашалған ата жырында.

*2001 ж.*